

Мұхтар Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі
“Балалар және театр” жобасын жүзеге асыру аясында құрылған
“Самғау” театр үйірмесінің 2021-2022 оқу жылына арналған талдау жұмысы

Үйірме – бұл мұғалімнің оқушылармен әріптестік қатынаста және нәтижеге қол жеткізуі үшін жұмыс жасауына арналған. Бұл технология қатысушыларды ізденімпаздыққа, таным мен өзін-өзі тануға бағытталған. “Самғау” үйірмесі 2021-2022 оқу жылы бойынша өз мақсаты мен міндеттеріне сай жұмыс атқарды. Үйірме жетекшісі оқушыларды сезіну, елестету, көру, тапсырманы орындау, содан соң ізденімпаздықты ұмтылу сияқты бағытта өз жұмысын ұйымдастырды. Оқушылардың өз идеяларын ұсыну, жарнамалау, өз жұмысының нәтижесін көру арқылы үйірмеге деген қызығушылықтары арта түсті. Үйірме жұмысы бірнеше бөлімдерден құралған бағдарламадан тұрды. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру мақсатында тыныс алу, сөйлеу мүшелерінің еркін жұмыс жасауына бағытталған жаттығулар мен ойындар жүргізілді. Сондай-ақ, нақты мәнер мен ойлау, орфоэпиялық заңдылықтар түсіндірілді. Қарым-қатынас қабілетін дамытатын, қысқаша пьеса, поэма мен әңгімелер құрауға үйренетін, қарапайым іс-әрекеттерді таңдай білетін сөздік ойындар өткізілді. Сымбат пен мүсін икемділігін дамыту мақсатында баланың қозғалыс қабілеттерін, дене әрекетінің әдемі қимыл қозғалысын, оқу күшін жеңілдетуге бағытталған дамыту ойындары мен жаттығу жұмыстары жүргізілді. Оқушының тек қана кәсіби шеберлігін дамыту қарастырылмай, ойын әрекетіндегі эстетикалық сезімін дамыту, құрдастары мен үлкендер арасында өзін дұрыс ұстай білу тәртібі үйретілді. Оқушылардың өмірдің мәні мен құндылықтарын түсіну, жалпы адамзаттық бағалы қасиеттерді ұғыну, сөйлесу мәдениеті мен өзін ұстай білу әдебін, эстетикалық мәдениетті (талғамы бар оқырман, көрермен бола білуге) білу мақсатында жұмыстар жүргізілді.

Директор Ж.Т.Жанайдаров
Үйірме жетекшісі Т.Абдуллин

